



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

---

PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

Сборник учебных материалов не является учебным пособием, а также скомпонован на основе материалов учебных книг и учебных материалов предоставляемых проверенными сайтами интернета».

Примерные темы, рассматриваемые в цифровом анимационном контенте по ИКТ:

- An ICT role in key sectors of development of society;
- Introduction to computer systems;
- Architecture of a computer systems;
- Software, Human-computer interaction;
- Database systems;
- Networks and telecommunications;
- Cybersafety;
- Cloud and mobile technologie;
- Multimedia technologies;
- Technology Smart;
- E-technologies;
- Electronic government и т.д.

Суть перехода от «двуязычия» к «трехязычию» состоит в том, чтобы каждый казахстанец проникся идеей овладения тремя языками, а система образования – школьного и вузовского – создала для этого реальные условия. Конечная цель – способствовать прорыву экономики Казахстана, обеспечению его конкурентоспособности и успешному вхождению в мировое пространство.

Таким образом, все новшества, введенные в системе образования, только положительно скажутся на самом процессе образования. Обучающимся будет легко восприниматься информация, что в свою очередь развил больше интереса к изучению предмета.

Дисциплина Информационные и коммуникационные технологии (ИКТ) позволит обучающимся освоить все новейшие технологии и их применение в различных сферах жизнедеятельности. Студент, изучая данную дисциплину сможет сделать выводы о том, для чего нужны информационные технологии, какова их роль в жизни человека, каковы плюсы и минусы применения ИКТ, а также дальнейшее его внедрение в те сферы жизнедеятельности, которые информационные технологии еще не затронули.

#### **Список использованных источников**

1. <http://otherreferats.allbest.ru/> дата обращения 15.03.17г.
2. Назарбаев, Н. А. Новый Казахстан в новом мире: Послание Президента Республики Казахстан народу, 2016.
3. <http://articlekz.com/article/12139> дата обращения 15.03.17г.
4. <http://physics.herzen.spb.ru/teaching/materials/gosexam/b25.htm> дата обращения 25.03.17г.

ӘОЖ 004.02

#### **«АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ПӘНІ**

**Рахметолла Айнұр Төлеуқызы**

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар факультеті,  
«5В011100-Информатика» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Қ. Нигметов

Қазіргі кезде ақпараттандырудың жетілуімен байланысты ақпараттық коммуникациялық технологиялар жылдам дамуда. «Технология» сөзі грек тілінен аударғанда

ғылым, шикізатты қайта өңдеу немесе өңдеу амалдары деген мағынаны береді. Осы сөздің қазіргі заманғы түсінігі практикалық тапсырмаларды шешу үшін ғылыми және инженерлік білімді қолдануды қамтиды. Бұл жағдайда ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялық технологиялар деп ақпаратты өңдеуге және конверсиялауға бағытталған технологияларды айта аламыз.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар – мәліметтерді іздеу, тарату, өңдеу, сақтау үшін қажетті ресурстар. Нақты айтқанда ақпараттық технологиялар мәліметтерді сақтау, өңдеу тарату сияқты барлық аймақтарды қамтиды, тек компьютерлік технологиялармен шектеліп қалмайды. Бірақ ақпараттық технологиялар компьютерге тікелей байланысты. Ақпараттық технологиялар саласы ақпараттық жүйелерді құру, дамыту және пайдаланумен айналысады. Ақпараттық технологиялар қазіргі қоғамдағы және адам өміріндегі барлық салаларда уақытты, еңбекті, күшті, материалдық ресурстарды үнемді пайдалану үшін ұтымды және ақпарат процесін тиімді ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін компьютерлік технологиялар мен басқа технологиялар, жаңа байланыс құралдарын, бағдарламалық қамтамаларды және практикалық тәжірибелерді, тапсырмаларды тиімді әдістермен шешу үшін әзірленген.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ақпараттық орта үшін негізгі құралы дербес компьютер болып табылады. Бағдарламалық ортаның негізгі санатына жүйелік бағдарламалар мен бағдарламалық құрылым үшін құрал –жабдықтар ортасы жатады. Бұл санатқа қызмет көрсету және қызметтік бағдарламаларда жатады. Қосымша бағдарламаларға кестелік, графикалық, мәтіндік мәліметтермен жұмыс істеуге арналған ақпараттық коммуникациялық технологиялардың құралдары енеді. Бүгінгі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатын қосымшалар мен ақпараттық коммуникациялық технология құралдары: электрондық кестелер, көрсетілімдер, деректер базасын басқару жүйелері, оқу бағдарламалары, графикалық пакеттер, мәтіндік процессорлар және тағы басқалар.

Ақпараттық технологиялар бизнес құралы ретінде

Ақпараттық технологияларды негізгі бизнес құралы ретінде ақылмен және мұқият пайдаланылуы тиіс. Компания басқарушысы болашақта өткізілетін іс-шаралар мақсатының айқын идеясы болған жағдайда ғана оң әсерге қол жеткізе алады.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың негізгі ерекшеліктері:

- Іс жүзінде шексіз қашықтықта сандық технологиялар көмегімен ақпарат алу және беру;
- Алгоритмдердің сандық деректермен алмасуы үшін стандарттардың құрылымдылығы:
- Компьютерде ақпаратпен қамтамасыз етудің кеңінен пайдаланылуы.

Көптеген елдерде ақпараттық коммуникациялық технологияларды білім берудің негізгі элементтері ретінде қолданады. Білім алушылар ақпараттық технологияларды үйренуі заман талабын сай болып табылады. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәні көп көлемді ақпараттармен жұмыс істеу арқылы білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыруына және дамытуына әсер етуді мақсат етеді. Бұл пән білім алушылардың компьютермен жұмыс істеуі кезінде техникалық қауіпсіздік ережесін, ақпараттық іс – әрекеттің құқықтық нормаларын сақауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнін оқытуда білім алушылар төмендегі дағдыларға ие болады:

- Компьютерлер туралы жалпы ұғымдар, заманауи технологиялардың қоғамдағы маңызы;
- Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып , мәліметті іздеу, жинақтау, өңдеу, сақтау және әртүрлі формада жіберу әдістерін үйрену;
- Білім алушыларға әр түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы олардың ойлау қабілетін қалыптастыру және дамыту;

- Адамдармен сөйлесуде ақпаратты бір - біріне беру және алу, бір- бірімен жұмыс істеу мақсатында ақпараттық технологиялық құралдарды пайдалану;
- Программалық қосымшаларды пайдалана отырып, жүйелердің моделін өңдеу, түрлендіру, өз ойларын іске асыру.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінің мақсаттарының бірі әр түрлі қоғаммен, әр түрлі адамдармен тиімді, жақсы қарым – қатынас орната алатын азаматтар даярлау. Осы мақсатқа жету үшін біз білім алушы өз ойын білдіре алатын және сенімді болатындай орта қамтамасыз етуіміз қажет. Оқыту үдерісінде ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінің тілі мен ұғымдарын сауатты пайдалану негізінде әртүрлі байланыс құралдарын пайдалана отырып, білім алушылар, ұстаздар және басқа адамдармен ауызша немесе жазбаша түрде сөйлесулері қажет.

Бұл пәнді оқытуда білім алушылардың тыңдай білу дағдылары жүзеге асырылады:

1. Білім алушылардың сабақты жақсы деңгейде түсінуі үшін мұқият тыңдап ұғып алу;
2. Нақтылығын анықтамай қорытынды жасамауы;
3. Берілген тапсырмаларды нақты түсіну, өзіне керек мәліметтерді ала білуі;

Білім алушылардың тыңдай білу дағдысы оқыту дағдыларына әсер етеді. Мысалы, топтық жұмысты немесе жалпы берілген тапсырманы көпшілік алдында қорғай білу, өз ойын анық, нақты жеткізу үшін білім алушылардың бойында осы дағдылар болуы қажет. Сонымен қатар көрермен назарына ұсынылатын мәліметтер, құжаттар нақты жазылуын, грамматикасын алдын - ала қарап шығу керек. Жазылым дағдыларына көркем әдебиет стилінен айырықша жалпы стильді сақтай отырып, жобаға мәтін ретінде жолдама басшылығын жазу және мәтінді құрылымдарға бөлу стильдерінің басты артықшылықтарын білуі жатады.

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану.

Ақпараттық технологияларды қолдану дегеніміз технологияларды жұмыс істеу кезінде және тілдесуде, әңгімелесуде тиімді пайдалану. Осы пән арқылы білім алушылар әр түрлі жабдықтар мен бағдарламалық қосымшаларды пайдалана отырып мәліметтерді іздеу, құру тағы сол сияқты қызметтерді ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдаланып жүзеге асыруды меңгереді.

Білім берудің негізгі бағыттарының бірі білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, өздігінен жұмыс істету, жауапты әрі сенімді азамат болуға тәрбиелеу.

Ұстаздар білім берудің әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып, білім алушылардың бойынан келесідей қасиеттерді дамытады:

1. Білім алушының пікірін тыңдау;
2. Тапсырмалар мен практикалық жұмыстар арқылы дамыту;
3. Есептерді шешу мысалдарын түсіндіру арқылы басқа есептер шешуді үйрету;
4. Берілген тапсырманы зерттеу іс – әрекеттерін бағалау;
5. Жеке және топпен немесе жппен жұмыс жасауды үйрету
6. Әртүрлі тапсырмалар беру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
7. Бірін – бірі бағалауға және тыңдауға үйрету.

«АКТ» пәні білім алушылардың болашағын қажетті көптеген мәліметтерді береді және де болашақта білімді, компьютерлік технологияларды жақсы меңгерген, жауапкершілігі мол азаматтар даярлайды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Л.Доллинер. Ақпараттық коммуникациялық технологияларының мәселелері және болашағы. Информатика негіздері.
2. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар [www.apnk.kz/download/778/AT](http://www.apnk.kz/download/778/AT)
3. Ғалымжанова М.А. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру //Менеджмент в образовании. -2006.-№3.-Б. 54-58.